

## Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 27 сәуірдегі № 149 қаулысы. Қостанай облысы Меңдіқара ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 25 мамырда № 9-15-176 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 4 шілдедегі № 274 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 04.07.2014 № 274 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10-тармағына сәйкес, "Қостанай ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ұсынымдары негізінде Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының түрлері бойынша оңтайлы себу мерзімдерін айқындалсын:

жаздық бидай, 15 мамырдан 5 маусымға дейін;  
бұршақтұқымдастар, 15 мамырдан 5 маусымға дейін;  
күздік (бидай, қара бидай) 15 тамыздан 1 қыркүйекке дейін;  
майлы дақылдар 18 мамырдан 30 мамырға дейін;  
жемшөптік (өткен жылдарындағы көпжылдық шөптерден басқа), 30 сәуірден 15 шілдеге дейін;

1, 2, 3 өсіру жылдарындағы бұршақтұқымдас көпжылдық шөптер, бірінші мерзім - 20 сәуірден 31 мамырға дейін, екінші мерзім – 5 шілдеден 1 тамызға дейін;

жүгері мен сүрлемдік күнбағыс, 15 мамырдан 31 мамырға дейін;  
көкөніс, 25 сәуірден 10 маусымға дейін;  
картоп, 10 мамырдан 31 мамырға дейін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М. А. Соқытбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Денинг*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК